

# БАЛАЛАРҒА ҚАНДАЙ ТЕКСЕРУЛЕР ЖҮРГІЗІЛЕДІ?



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz

# АУДИОЛОГИЯЛЫҚ СКРИНИНГ



Бұл жаңа туған нәрестелер, жас балалар және 6 жасқа дейінгі балаларға жүргізілетін және баланың есту қабілетінің бұзылуын анықтауға мүмкіндік беретін жаппай стандартталған тексеру

## Ол екі кезеңде жүргізіледі

- ▶ **Біріншісі** – бала өмірінің алғашқы үш күнінде тікелей перзентханада жүргізіледі
- ▶ **Екіншісі** – өз емханасындағы баланы дамыту кабинеттерінде белгілі бір жастағы балаларға жүргізіледі. Учаскелік медбике белгіленген мерзімде скринингтен өтуге шақырады

Егер құлақ мүкістігі немесе кереңдік қаупі туындаса, баланы одан әрі тереңдетіп тексеру үшін сурдологиялық кабинеттерге, сондай-ақ тексеру және түзете-дамыта оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жібереді



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz

# ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ

- ▶ *Одан мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы балалар, сондай-ақ 18 жасқа толмаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының оқушылары өтеді*
- ▶ *Оны емхананың мамандары білім беру ұйымына бару арқылы жүргізеді. Егер мектеп жасына дейінгі бала балабақшаға бармаса, онда ол бекітілген емханада алдын ала тексеруден өтеді*



## ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ, БІЛІКТІ ЖӘНЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КЕЗЕҢДЕРДІ ҚАМТИДЫ

- ▶ Дәрігерге дейінгі кезеңде дене салмағы мен бойын анықтау, бас және кеуде қуысының көлемін өлшеу (3 жасқа дейін), физикалық және психоәлеуметтік дамуын бағалау, артериялық қысымды өлшеу (7 жастан бастап), көру және есту өткірлігін анықтау, ЭКГ және т.б. тексерулер жүргізіледі
- ▶ Екіншісінде тері қабаты және бас терісін, шыршықты қабықтарды тексеру, қалқанша без аймағын тексеру және пальпациялау, кеуде, омыртқа, аяқ-қолдарды тексеру, тыныс алу, ас қорыту және т.б. тексерулер жүргізіледі. Патологиялық өзгерістер анықталған кезде баланы қосымша тексеруге кәсіби маманға жібереді
- ▶ Патологиялық өзгерістер анықталған кезде баланы қосымша тексеруге кәсіби маманға жібереді
- ▶ Мамандандырылған кезеңді кәсіби дәрігерлер жүргізеді



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz

## 2022 ЖЫЛЫ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ КЕЛЕСІЛЕРДІ ЖҮРГІЗУГЕ 39,7 МЛРД ТЕҢГЕ КӨЗДЕЛГЕН

- ▶ аудиологиялық скринингке (5,1 млрд теңге)
- ▶ 5 жасқа дейінгі балаларды профилактикалық тексеруге (шамамен 11,7 млрд теңге)
- ▶ мектеп медицинасы шеңберінде профилактикалық тексеруге (22,9 млрд теңгеден астам)



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz